


Мұхтар Құл-Мұхаммед

# ӘЛ - ҒАРАБИ

аруна  
Б А С П А С Ы



ББК 72.3  
К 90

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр

Құл-Мұхаммед М.

К 90 Әл-Фараби. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна», 2006.  
– 96 бет. – («Шығыстың ұлылары» топтамасы)

ISBN 9965-26-173-3

*«Аруна» баспасы «Шығыстың ұлылары» атты топта-  
маның жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып  
қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркемсуретті  
туындыда әлемге әйгілі ғұлама ғалым, философ әрі ақын, Шығыс  
халықтары Екінші Ұстаз атандырған Әбу-Насыр Мұхаммед  
әл-Фарабидің өмірі мен қызметі жүйелі әрі әсерлі баяндалады.*

К  $\frac{1401020000}{00(05)-06}$

ББК 72.3

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша  
рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға  
болмайды.

ISBN 9965-26-173-3

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006


**А**рабтар VII ғасырдың орта тұсында көрші елдерге қырғидай тиіп, басқыншылық жорық жасай бастады. 150 жылға жуық уақыт бойы жаугер халықтың жолы болды. Осы аралықта олар көптеген мемлекеттерді өздеріне бағындырып, жаңа жерлерді басып алды. IX ғасырдың басында Таяу және Орта Шығыс, Солтүстік Африка мен Батыс Еуропа елдерін қол астына қаратты. Арабтар осыншама кең байтақ патшалығын Араб халифаты деп атады.

Араб халифаты біртұтас мықты мемлекет болып гүлденіп, нағыз күшіне еніп тұрған шағында мәдени өрлеу кезеңін басынан өткізді, ғылым қарқынды дамып, биік деңгейге көтерілді. Әр тараптан білім іздеген адамдар осылай қарай ағылды, ғалымдар мен ойшылдар кездесіп, ақиқат, болмыс жайлы пікір таластырып, ой қозғады. Бұл елдің тұрғындары ұлты бөтен, діні басқа болғанымен, бір-бірімен етене араласып, бір-бірінің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бойларына сіңірді. Арабтардың өздері де бодан халықтардан көп нәрсені үйренді. Халифат ұлан-байтақ аймақтың саяси әрі мәдени орталығына айналды...

Алайда араб басқыншылығының нәтижесінде бодандыққа түскен халықтар өз тәуелсіздігін алуға, бостандыққа ұмтылды. Олар әр жерден бүлік шығарып, бой көрсетіп, онсыз да ұсақ бөліктерден құралған елдің берекесін қашырды. Сөйтіп, халифат біртіндеп әлсіреп, құлдырай бастады.

Міне, осылайша бір жарым ғасырлық үстемдіктен соң Араб халифаты құлады. Оның құрамындағы саяси күші жоқ ұсақ-ұсақ мемлекеттер жеке бөлініп кетті. Дегенмен, көптеген қалалар бұрынғысынша жоғары мәдениет орталығы болған күйінде қалды. Мұнда ұзақ жылдар бойы көрші тұрып, бір-бірінің салт-дәстүрін құрмет тұтуға, ұлттық ерекшеліктері мен діни көзқарастарына сыйластықпен қарауға үйренген мұсылмандар, христиандар мен иудейлер сол баяғысынша өмір сүріп жатты. Бұл орта ғасыр үшін сирек кездесетін құбылыс еді: мұнда тұратын көзі ашық, көңілі жүйрік, ойы сергек адамдар әр түрлі діни ағымдар мен көп ұлттық мәдениетті бір-бірімен салыстыруға, баяу жылжып жатқан күндердің мән-мағынасына философиялық тұрғыдан ой жүгіртуге зор мүмкіндік алды...

Уақыт өте келе бұл өз нәтижесін берді де. Осының бәрі есімі бүкіл әлемге әйгілі ғұлама ғалым, философ әрі ақын, Шығыс халықтары Екінші Ұстаз атандырған Әбу-Насыр әл-Фарабидің философиялық көзқарастарында көрініс тапты.



**А**рыс өзенінің кең арналы Сырдарияға құяр сағасының тұсында ортағасырлық Отырар шаһарының қирандыларын көруге болады. Кезінде гүлденіп тұрған қаланы адамзат өз қолымен қиратып, жермен-жексен етті. Одан қалғанын уақыт пен ауа райы өз дегенін жасап, топырақ үйінділеріне айналдырды... Тек жер қабатының астында жүздеген жылдар бойы сақталған көне тас қабырғалар ғана Шығыс мәдениетінің орта ғасырларда өрлеу кезеңін басынан өткізгенін еске салады.

Ежелгі Ұлы Жібек жолында, кең арналы Сырдария өзенінің жағасында бой көтерген осы Отырар қаласы бағзы замандарда Фараб атауымен әйгілі болған...

Осы бір құтты мекенде әл-Фараби жарық дүниеге келіп, жастық шағын өткізген.

Нақтырақ айтқанда, Әбу-Насыр Мұхаммед әл-Фараби Фарабтың өзінде емес, соның маңындағы Весиж қалашығында туған. Алайда Весижді ешкім біле бермейтін, ал Фарабтың атақ-даңқы сол кездің өзінде шартарапқа кеңінен мәлім еді. Уақыт өте келе Весиж ұмытылып, асқан ой иесінің Отаны Фараб қаласы саналып кетті.

Ортағасырлық ұлы ғұлама, асқан ойшылдың отаны – Фараб шаһары қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірінде орналасқан. Ол Араб халифаты құлағаннан кейінгі уақытта мұсылман әлемінің саяси және мәдени орталығы болған.

**Ж**ылдың ыстық мезгілінде Фараб пен оның төңірегіндегі елді мекендерде төбеден күн күйдіріп, ми қайнатар қапырық басталады. Кеш бата ғана өзен жақтан салқын самал леп еседі. Сонда барып, қала тұрғындары мен бірнеше күн жол кешкен керуеншілердің жаны жай табады. Күндізгі азапты ұмытып, рақаттана демалады.

Хижраның 260 жылы\* осындай тәтті түндердің бірінде Весиж қаласында Мұхаммед Тарқан ибн Узлағ ат-Түркінің шаңырағында көптен күткен ер бала дүниеге келді. Оның атын әкесінің құрметіне Мұхаммед қойды. Егер Аспан Шырақтарының Кітабын оқи алатын данагөй шыр етіп жарық дүниеге нәресте келген сәтте жұлдыздарға қарағанында, сәбидің болашақта Әбу-Насыр Мұхаммед әл-Фараби атанатынын, оның бүкіл әлемнің аспанында жарқыраған сәулелі жұлдыз болатынын айтып жар салар ма еді, кім білсін...

Мұхаммедтің әкесі – әскербасы, қызмет бабымен кей кездерде айлап үй көрмейтін. Ол өзінің қайтпас қайсар сарбаздарымен бірге күн-түн демей, жан-жақтан анталаған қара ниет дұшпандарымен соғысып, ат үстінде жортуылда жүретін.

Міне, бұл жолы да Мұхаммед Тарқан ибн Узлағ ат-Түркінің үйден шыққанына біраз болған. Аман-есен жорықтан оралып, ойында ештеңе жоқ әскербасы атынан түсіп жатқанда, оның қолына кішкентай нәрестені ұстатты. Кеудесін шаттық кернеген әскербасы:

– О, Төңірім, ризамын саған! Менің халқымның бағына тағы бір сарбазды дүниеге әкелдің! Жаратқан құлыңды өзің жарылқай гөр! – деп, жұлдызың жоғары болсын деген ырыммен сәбиді – ерен ерлігі үшін Көк иелері жіберген асыл сыйын – басынан асыра төбесіне көтерді.

Кішкентай Мұхаммедтің ата-бабасы көшпелі түрік тайпаларынан шыққан. Атасы Узлағ өз руластарымен бірге

---

*\*Хижраның 260 жылы біздің жыл санауымыз бойынша 873 жылға сәйкес келеді.*



шетсіз-шексіз кең далада көшіп-қонып, ат үстінде жүрген. Олар барлық көшпелілер сияқты төске өрлеген көктемнен қалыспай, киіз үйлерін аттарға, сабалақ жүнді алып атандарға артып алып көктеуге, одан жайлауға көшетін. Қар түсе бастаған шақта сол жолмен малдарын алдыға салып, кері қайтатын. Бұл көшпелі халықтарға тән өмір салты еді.

Алайда мыңғыртып айдаған мал да біртіндеп азайып, тұтас бір тайпаның ішіп-жеміне жетпейтін болды. Осыдан барып ел ақырындап отырықшы өмірге икемделе бастады. Енді бұрынғыдай көкорай шүйгін шөп қуып, шұрайлы шалғын жер іздеп, малмен бірге қоныс аудару келмеске кетті. Киіз үйлерін саз балшықтан немесе ағаштан, тіпті кейбіреуі тас пен күйдірілген кірпіштен соғылған тамдарға ауыстырды.

Отырықшылыққа көше отырып, далалықтар жер өңдеуді меңгеріп, бау-бақша, жүзімдіктермен айналысты. Үлкен қалаларға орныққандар сауда-саттықпен, түрлі қолөнер кәсіптерімен шұғылданды. Бірақ олар жаңаша өмір бастағанымен, жүректерінің терең түкпірінде еркіндіксүйгіш халық болып қалды. Қалай болғанда да олар көшпелілерге тән әдет-ғұрыптарын сақтап, өздерімен бірге отырықшылыққа алып келді.

Күн ұясына қонып, күндізгі аптап қайтқан шақта жанға жайлы білінер-білінбес кешкі самалға беттерін тосып, алаулатып от жағып, соның айналасына алқа-қотан отыра қалатын да, таң атқанша ақсақалды қариялардың аузынан туған халқын басқыншылардан қорғаған батырлар жайлы көнеден жеткен жыр-аңыздарды тыңдайтын. Ол замандарда «Қорқыт ата», «Оғыз-нама» сияқты тамаша туындыларды ешкім жазып алмаған, тыңдап отырып, көкейлеріне тоқыған. Кейін келе, естерінде сақталған көне әңгіме-қиссаларды сол күйінде балаларына айтып беріп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген.



**К**ішкентай Мұхаммед жасынан өте пысық, сергек, қағілез әрі сезімтал болды. Ол айналасындағы көзге көрінгеннің бәрін білсем деген білімқұмарлығымен ерекшеленгені болмаса, өзі құралпы барлық басқа балалармен бірдей өсіп жатты. Жердің шаңын бұрқырата, топ баланың ортасында аяғы-аяғына жұқпай құлдыраңдай жүгіріп, ертеден қара кешке дейін сілесі құрып, құмары қанғанша ойнайтын. Алайда ойынның қызған шағында кенет шөптің арасынан кесірткені не болмаса қарағаштың бұтағына қонған құсты көзі шалып қалса, лезде бар ынтасы соған ауып кететін. Ол мұндай өзіне беймағлұм тіршілік иелерін көргенде бар дүниені ұмытып, әрбір қимылын бағып, қаққан қазықтай қатып қалатын. Сонда ойынды жалғастырғысы келген достары Мұхаммедті қарату үшін:

– Әй, Мұхаммед! Сен не, ұйықтап қалдың ба? – деп айғайлап, тіпті одан қалса олай-бұлай жұлқылап, ақ жейдесінің жеңінен тартқылап жататын. Мұхаммед сонда да селт етпейтін. Ондайда оны орнынан қозғалту мүмкін емес. Тек манағы кесіртке шөптің арасына сіңіп, көзден ғайып болса немесе бұтақта мұның өзіне таңырқай қараған сұр құс пыр етіп ұшып кетсе ғана Мұхаммед ойынның қызығына қайта кіріп кететін.

Кешкісін бала атаулы өзен жағасына, алаулаған оттың қасына жиналады. Сонда бөрінен бұрын бірінші болып жететін – Мұхаммед. Ол халықтың жадында жатталып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен бағзы заманның жыр-аңыздарын тыңдауға құмар. Кең байтақ далада еркін өскен тайпалардың өз жерін қара ниет дұшпандарынан қалай қорғағаны, ата-бабаларының қайдан тарағаны, олардың кім болғаны жайлы майын тамыза айтып, өмірдің әркім біле бермейтін терең құпияларын ақтарып, жастарға тағлым үйрететін көне көз қариялардың әңгімесі оның жан дүниесін жаулап алатын.



Қатарластарының алды ұйқыға бас қойғанда, Мұхаммед көзі бақырайып, желден жүйрік қиялына ерік беріп, ойымен шартарапты шарлап мелшиген күйі әлі тыңдап отырады.

Кейбір қорқынышты оқиғалар бала Мұхаммедке үрей туғызатын. Әсіресе, Оғыз қаған мен жалғыз көзді дәу Қияттың теке-тіресін суреттеген жерінде тынысын ішіне тартып түнеріп, отқа қарай жақындай түсетін. Оғыз қағанның жауын жеңгені туралы естігенде, қара дәуді ертегілік батыр Оғыз қаған емес, өзі жеңгендей болып, кеудесін керіп, бойын түзеп, жайланып қалатын.


Төсек салып жатып қалғаннан кейін де ол біраз уақытқа дейін ұйықтай алмайды. Әлгінде тыңдаған жырдың суреттерін көз алдына қайта алып келеді. Қорқыт атаны да, таңғажайып күш иесі Оғыз қағанды да, тіпті жалғыз көзді Қиятты да ойша елестетеді. Сөйтіп жатып ойы бір сәт күндіз көрген кесіртке мен жоғарыда отырып алып, айналасын қимылсыз барлайтын белгісіз құсқа кетіп қалады. Содан соң іштей «мүмкін ол құсқа айналып, адамдардың үстінен қарап, олардың не істеп, не қоятынын бағып жүрген құпия қария шығар» деп өзінше түйіп қояды.

Шынымен де, кесірткелер неліктен жорғалап жүреді екен, ал құстар неліктен ауада ұшады, олар неге жерге құламайды? Ал бүркіт, қырандар ше? Олар тіпті адам аяғы баспайтын шырқау биіктерде өмір сүреді. Бір орында қалықтап тұрып, жердегі жемін сонау биіктен аңдиды. Оларға тіпті қонатын ағаш бұтақтарының да керегі жоқ... Неге олай?.. Адамдар неліктен тап-тапқа, жік-жікке бөлінеді? Неге бір-бірімен жауласады?.. Дана қариялар ешкім еш уақытта көрмеген қандай өмір құпияларын сақтайды, ол құпиялар қайда жасырынған?..

Осылайша сан сауалдың астында қиялына ерік берген бала Мұхаммед тәтті ұйқыға ене береді... Күндізгі көрген-білгені, естіген сан түрлі оқиғалары бір-бірімен араласып, түсіне ұласады. Таңертең ұйқысы қанып, сергек оянған ол алуан түске бояла құбылып жанды жаулайтын, сиқырлы үнімен көңілді баурайтын, естен кетпес оқиғаларға толы әлемге қайтадан қойып кетеді.








**М**ұхаммед Тарқан жорыққа шықпай, үйде болған күндері кішкентай Мұхаммедті күшті де жуан қолдарымен қапсыра құшақтап, аспанға лақтырып ойнатады, жоғары көтерген күйі өзінің арғымағына отырғызады. Мұхаммед жасына қарамай ер үстінде өзін нық ұстайды. Иесін емеурінінен түсінетін жануар да құлағын қайшылап, жас шабандоздың икеміне көніп, әмірін күтеді.

Әскербасы баласы қорқудың не екенін білмейтін, жолындағы кедергілерді қаймықпай оңай жеңетін нағыз жауынгер болып өссе, ежелгі аңыз-жырларда баяндалатын халық қаһармандары – Елтуған-тұтық, Оғыз қаған сияқты ел қорғаушы ерлердің жолын қуса, өзіне тартып батыр атанса деп армандайтын. Өйткені ол нағыз еркекке лайық іс – жауынгер болу деп ұғатын. Ал нағыз жауынгер болу үшін, ең алдымен, ат үстінде өзін ұстай білуге, нық отыруға үйренуі тиіс. Түрік халықтарында «ат – ер қанаты» деген сөз бар. Атты түрік сарбазын ешбір жауы ала алмаған. Қауіпті жағдайлар туа қалса астындағы серігі жол тауып, иесін аман алып шығып, жеткізбей кетіп отырған. Осыншама кең байтақ аумақты ат үстінде жүріп қол астына қаратқан.

Әкесі кішкентай Мұхаммед ержеткенде сайыпқыран жауынгер болып, ұлы ерліктерімен әулеттің даңқын асырады деп сенді. Ал әзірше ұлына Фараб базарынан сатып алған кішкентай ағаш атты ұстатып, әкелік мейіріммен басынан иіскеді. Екеуін сырттай бақылап тұрған Мұхаммедтің анасы да осы бір ерекше көрініске қарап, көңілі толқып тұрды.




**У**ақытты ұстап тұра алмайсың. Күн артынан күн, ай артынан ай зымырап өтіп, жаздың аптап күндері жылаңқы күзге ауысты. Оның артынан ақ киімге оранып қыс та жетті.

Жыл мезгілінің бұл уақытында да көшпелілер дәстүрін бұзбай, үлкен-кіші кешке қарай көршілердің бірінің үйіне жиналып, алаулатып от жағып, ұзақ-сонар қиссаларды бастайтын. Жас аңшылар қансонарда қанжығаларына байлаған олжаларын мақтана айтып жатады. Балалар жағы үлкендердің әңгімесіне ынта қоя, ұйып тындап, жанарларынан ұшқын ата, біз де сол күнге тезірек жетсек, жолы болғыш аңшы атансақ деп іштей жанып отырады. Бір уақыттарда әңгіме ауаны өткен күндердің ерлік істерге толы естелігіне ауысады. Біртіндеп тарихта болған оқиғалардан қанатты пырағымен көкке көтеріліп, қыранша қалықтайтын көзсіз батырлар мен көркіне көз тойғысыз сұлулар, қаһарлы жалмауыздар өмір сүретін ғажайып ертегілер әлеміне өтеді.

Ертегілік кейіпкерлердің ерліктеріне елітіп, ертеңгі күні-ақ қарына қылышын, мойнына садағын, беліне шоқпарын, қолына найза, қылышын іліп, үстіне сауыт киіп, арғымаққа мініп шыға келуді армандайтын кішкентай «батырлардың» құлағына мұндай әңгімелер майдай жағады. Отқа жақындап, одан сайын ынтыға түседі. Ертесіне бала атаулы естігенін «іс жүзіне асырмаққа» қолда бар «қаруын» асынып, нағыз батырларша «соғысқа» кіреді. Мұхаммед те қатарластарынан қалыс қалмай, әкесі қолдан жасап берген ақ садағын асынып, «жауына» аттанады. Жебесін діттеген жерге дәл тигізіп, жауын жайратып салады...

Мұхаммедтің аса көңіл қойып, сүйіп тыңдайтыны – ежелгі түріктердің «Ергенекөн» қиссасы еді. Ергенекөн




– биік таулардың қоршауында тұрған пейіш бағына ұқсас өлке, адам аяғы баспаған жазық алап. Ол таулардан бірде-бір дұшпан асып өте алмаған, ешбір жау оған апаратын жолды таба алмаған. Байқап қараса, жайқалған шабындық, шұрайлы жайылым, мөлдіреп аққан су, тұнық бұлақ, сыңсыған жеміс ағаштары, қаптаған аң-құс – бәрі осында көрінеді, ондағы адамдар қайғының не екенін білмейті, молшылықта, бақытты өмір кешіпті. Алайда, ең өкініштісі, Ергенекөнді айтып отырған жыршылардың біреуі де оған апаратын жолды білмейтін болып шықты.

«Сонда қалай? – деп ойлады Мұхаммед. Бұл жер туралы бәрі естіген, бәрі біледі, бірақ бірде-бір адам оны іздемеген бе, оған баратын жолды көрсетпеген бе? Ол таулар, әрине, мына тұрған жер емес... Бірақ атты кісі бірнеше күн тынбай жүріп отырып, оған жетуге болатын еді ғой... Неге осы уақытқа дейін ел ішінде ең өжет, ең қайсар батыр саналатын әкесі де, Саид ағасы да осы бір ғажайып өлкені іздеуге аттанбаған?»

Өзін мазалаған осы сауалдар жайында әкесінен не ағасынан сұрауға Мұхаммед бата алмады. Бірақ көкейінде аман-есен ержетіп, жігіт болса, осы бір құт-береке қонған жерге апаратын соқпақты қайткенде де табармын деген арман ұялап қалды. Әрине, егероны тапса, барлық туған-туыстарын, көршілері мен достарын, тіпті мұрнынан су арылмайтын, бірдеңе болса жұдырық ала жүгіретін Жәкенді де ала кетер еді...

Мұхаммед осындай тәтті ойлардың шырмауында отырғанда, тыңдарман жұрттың ынтасын келесі бір әңгімеші жаңа уақиғаға баурап алады. Қанша дегенмен де түннің аты түн емес пе, оттың жылуына бойлары балқып, балалар жағы маужырай бастайды. Мұхаммед те басын өзіне жақын жайғасқан біреудің тізесіне қойып, алаңсыз ұйқының құшағына кете береді.



**О**сылайша жылдар өтті. Мұхаммед те қатарластарымен бірге ержетті. Бұрынғы балалықтарын тастап, үлкендерге қолғабыс жасай жүріп, түрлі шаруашылықтарды меңгеруге, қарапайым кәсіптерге машықтануға ден қоя бастады.

Фараб пен оның төңірегіндегі елді мекендердің кейбір тұрғындары егін өсіретін. Кейбіреулері жүзімдіктер мен бау-бақша салатын. Ата-анасы немен айналысса, балалар да соны істейтін.

Баз біреулер тіпті аз да болса, мал ұстады. Жаз шыға олар малмен бірге жайлауға кетеді. Бірақ мұндай отбасылар бірен-саран ғана еді. Отырықшы тұрғындардың көпшілігі жер өңдеумен шұғылданды немесе ата-бабасынан қалған кәсіпті дамытты.

Мұхаммед те қол қусырып, қарап жүрмеді. Оның қолынан келмейтін нәрсе жоқ еді. Ол өзіне тапсырылған кез келген үй шаруасын ыждаһатпен орындайтын. Алайда сол баяғысынша басы сан сауалдан босамайтын. Анасына көмектесе жүріп, әр нәрсені есіне алып, кейде өмірдің қаталдығына, әділетсіздігіне налып, терең ойға бататын.

Олай дейтіні жақында өзен жағасында бір жан түршігерлік оқиға болған еді.

...Мұхаммедпен көрші тұратын балалар бір күшікті қыңсылатып, кезек-кезек бірінен-бірі ала қашып, таласып жүр екен. Бір кезде төбелескіштердің біреуі бар күшімен тартып қалып, абайсызда күшікпен қоса өзенге күмп берді. Дереву қолындағысын жібере салып, өз жанын аман алып қалмаққа жағаға қарай жүзді. Кішкентай күшік су ішінде бір батып, бір шығып, жан дәрмен шалпылдата берді. Оны құтқару ұлдардың біреуінің де ойына кіріп шықпады, таластарын жалғастыра берді. Мұхаммед жүгірген бойда алды-артына қарамай өзенге секіріп, суға қақалып-шашалған дәрменсіз күшікті жағаға алып шықты. Кеудесіне қысқан күйі тезірек





үйіне жетуді ойлады. Сол кезде аналар да ұрыс-төбелестерін тоқтата қойып, мұның артынан тұра жүгірді.

– Ол біздің күшік! Әкел оны! Біз оны тауып алған! – деп айқайлай қуып жетіп, өңмендеп, Мұхаммедке жұдырық жұмсамақ та болды. Бірақ ол күшікті бұзықтарға бермей, үйіне алып келді.


«Мұның суға батып бара жатқанын көріп тұрып, қалай ғана дәттері шыдады? Оның тұншығып өліп кетуі де мүмкін еді ғой, – деп ойлады Мұхаммед әбден ашығып, әлсіреген күшікке тамақ беріп отырып. – Мен енді оны ешкімге бермеймін!»

Сол күні кеш батқанша Мұхаммед жаңа досының әуресімен болды. Құмарынан шыққанша ойнап, сілесі қатқан Мұхаммед басы жастыққа тиісімен қалың ұйқыға кетті.

Таңертең көзін аша сала, Мұхаммед өзінде енді күшік бары есіне түсіп, бойын қуаныш сезімі биледі. Содан соң оның ертеңгі күні-ақ үлкен арлан ит, азулы төбет болатынын ойлап, затына сай ат қою қажет деп тапты. Айтқанын тыңдап, бұлжытпай орындап, соңынан қалмай еркелеп, еріп жүретінін елестетті.

Сондай тәтті қиялдармен керіле орнынан тұрып, күшігін көруге асықты. Есік алдына шығып, жан-жағына қарап еді, ол көзіне түсе қоймады. Содан соң жүгіріп ауланың бұрыш-бұрышын түгел тексеріп шықты, күшік табылмады. Мұхаммед енді сыртқа шығып, төңірекке көз жүгіртті. Кенет арттарына қарап қойып, улап-шулап апыр-топыр жүгіріп бара жатқан кешегі өзінің қарсыластарын көрді. Жүрегі бір жамандықты сезді. Сәлден соң әлгі балалар тоқтай қалып, қатты дауыстап, дауласа бастады.

Мұхаммед қастарына жақындағанда олар үн-түнсіз тұра-тұра қалысты. Бұзық Жәкен бір ұшы сұр күшіктің мойнын айналдыра байланған жіпті ұстаған күйі тұр. Күшіктің бүйірі ғана жайлап көтеріліп, басылады. Көздері алайып, тілі аузынан шығып жатыр. Топыраққа түскен ізге қарағанда күшік өз аяғымен жүруге шамасы келмей, тек сүйретілгені байқалады.



Жәкен Мұхаммедке қабағының астынан көзімен ата қарады. Ол Мұхаммед келе төбелес салады деп ойлап, іштей тісін қайрап, неге де болса дайын тұр. Бірақ Мұхаммед айналасындағылардың біреуін де байқамаған сыңай танытты. Жүрелеп отыра кетіп, жіпті күшіктің басынан сыпырып алмақ болып еді, онысынан ештеңе шықпады. Енді ол жіптің түйінін шешіп көрмек болды, ол да қолынан келмеді.

– Бұл біздің күшік! Біз онымен ойнадық, – деп Жәкен ақтала бастады.

Мұхаммед оларға көңіл аудармаған күйі жіпті үзуге әрекет жасады. Сонда балалардың бірі ұшы үшкірленген, өздері сайысып ойнайтын ағаш бұтағын ұсына берді. Ақыры түйін шешілді. Мойнына түскен тұзақтан босатылса да, күшік тырп етпеді. Сонда Мұхаммед еппен жерден көтеріп алып, кеудесіне қыса, өзенге қарай жүрді. Жәкен бастаған топ бала оның соңынан ерді. Бірақ әбден өлімші болған хайуанды тартып алуға дәттері бармады ма, өз кінәларын сезінді ме, кім білсін, кешегідей кеуделеген жоқ.

Мұхаммед өзен жағасына келіп, кішкентай қолымен су алып, шала-жансар күшіктің аузына тосты. Бірақ бұл кезде күшіктің су ішуге ешқандай қауқары қалған жоқ еді. Денесі бір-екі рет дір етті де, басы сылқ етті. Бағанадан бері анадай жерде мұны сырттай бақылап тұрған балалар:


– Әй, Мұхаммед, жүр кеттік. Ол енді тірілмейді, – деп қастарына шақырды.

Жәкен Мұхаммед ашумен өзін бас сала ма деп әлі де жұдырығын түйіп, шабуылға әзір тұр. Алайда Мұхаммед оны тіпті ұмытып та кеткен сияқты. Толқын шайған дымқыл құмның үстінде жанарын белгісіз нүктеге қадаған қалпы ойланып отырып қалыпты. Қасында күшік қимылсыз жатыр.

Бұл күні Мұхаммед үйіне көңілсіз, қабағы салыңқы оралды. Анасы мұның себебін жоғалып кеткен күшік деп ұғып, онсыз да қыстығып отырған баласын қайда болдың, не болды деген сұрақтармен мазаламауды жөн көрді.

«Өмірде әлі талай шырғалаңы, шырмауы көп соқпақтар кездесер. Есейген соң мұндай болмашы нәрселерге бола қайғыланғанды қойып кетер» деп іштей бір күрсініп алды.






**К**елесі күні Мұхаммед ешқайда шықпады, тары түюге көмектесті. Екі қарындасы да шешелерінің қасына жайғасып, шамалары келгенше тарыны тазалауға болысып жатыр. Мұхаммед кешегі оқиғадан кейін әлі өз-өзіне келе алмады. Қабағы тұнжырап кетіпті. Бәрінен де жанына батқаны, күнде бірге ойнайтын жолдастарының қатыгездігі. «Бейкүнә, әлсіз тіршілік иесіне жамандық жасауға қалай ғана қолдары барды екен? Оның да жаны бар емес пе? – деп ойлады Мұхаммед. Бұл күшік нағыз арлан ит болар еді, сонда тіпті оның қасына жақын келе алмас еді ешқайсысы!» Соны ойлаған кезде күні кешегі жан түршігерлік көрініс көз алдына қайта келді. Қабағы түйіліп, өңі бозарып кетті. Шаруасы жайына қалды. Баласының қабағын бағып отырған анасы күлімдеп, жеңінен жайлап тартты. Мұхаммед ұйқыдан оянғандай селк етіп, жан-жағына қарады. Сонда барып тары түйіп отырғаны есіне түсіп, қайта іске кірісті.

Анасы Мұхаммедтің мейірімді, алғыр болып өсіп келе жатқанын ойлап, қуанып қояды. Қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Не жасаса да, тыңғылықты орындайды. Жақында сыбызғы жасапты, оның сыртын жылтыратып тегістепті. Бір кезде әлгіні аузына апарып, тіпті біреу үйретіп қойғандай қолма-қол сарната жөнеледі. Құстың дыбысын айнытпай салады. Ал әскери өнерге аса құлқы жоқ сияқты. Алайда өзіне біреу соқтықса, қарымын қайтаруға шамасы жеткілікті, бірақ басқа ұлдар секілді «соғыс» ойнауға қызықпайды. Әкесі білсе, ренжитін шығар...

Анасы күрсініп қойды.





**М**ұхаммед әскери ойындардан гөрі өзіне ерекше бір ермек тапты. Кітап оқып, хат тануға ден қойды. Ол уақытта кітап дегенді қолға түсіру оңай емес-ті, сондықтан кітап тауып оқуға бар мүмкіндігін салды. Әріптен сөз, сөзден сөйлем құрап оқу, оның мән-мағынасын барлау бала Мұхаммед үшін айтуға тіл жетпестей қуанышқа айналды. Қағазға жазылған сиқырлы таңбалардың құпиясын шешкен сайын өзіне жаңалық ашқандай болды. Өйткені кітап бетіне түскен сөздер оның өзі тұрған қалада, үйінде, айналасында күнделікті естіп жүрген ауызекі сөздеріне мүлдем ұқсамайды. Ондағы жазылған ойлар түбі терең мұхиттай тұңғиығына жетелейді. Көбіне, кейбір сөйлемдердің түпкі мағынасын түсіне алмай, басы қатады. Соған қарамастан, ерірек ойлануға, өзінше тұжырымдар жасауға тырысады.

Шындығында да, Мұхаммед өз құрбы-құрдастары сияқты ойын қуғанның орнына, өзімен-өзі болғанды ұнататын. Әсіресе, қолы қалт етсе Арыстың жағасына келіп, көк шалғынға жайғасып, айналадағы заттар мен құбылыстардың ішкі сырына үңіліп, ой жүгірткенге құмар еді. Кейде суға қарап отырып «Бұл өзен осыншама мол суды қайдан алады? Ол неге таусылып, тоқтап қалмайды? Судың көзі қайда екен?.. Бәлкім, биік таудан бастау алатын болар. Жолындағысының бәрін жайпап, өзімен бірге сыпырып-сиырып ала кететіні сондықтан шығар... Өзеннің ағынына шыбықты лақтырып жіберсең, лезде әлгіні иіріп алып, ағыза жөнеледі. Сол бетімен Арыс құятын Сырдарияға жеткізеді. Одан әрі не болғанын білу мүмкін емес, қусаң да жете алмайсың... Шыбықтың сапары қай жерде аяқталады? Ол су ағынымен Сырдарияға дейін қанша уақыт жүреді?..» деген сияқты сан түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ойға шомады.

Ойға ой жалғасып, жас күнінде осы Арыстың бастау алатын жерін іздеп, жалғыз өзі өзен бойымен жүріп кеткені, сөйтіп бүкіл елді әуре-сарсаңға салғаны есіне түсті. Оған себеп болған бір қария еді. Мұхаммед әдеттегісінше өзен жағасында өз ойымен өзі болып отырған. Басын көтеріп қалса, тура алдында таяғына сүйеніп бір қарт адам тұр екен.

– Ата, – деді Мұхаммед салған жерден, үлкен кісімен амандасу керектігі де есінен шығып, – айтыңызшы, мына өзен суды қайда апарады?

– Теңізге, – деп жауап берді қарт.

– Ал суды қайдан алады?

– Таудан.

Қария білімқұмар балаға басын изеп, бұрылып кетуге ыңғайланды.

– Ата! – деді Мұхаммед тағы да. – Ал ол алыс па? Көп жүру керек пе?

Сұрауын сұрағанмен, өзінің мына қылығына үлкен кісі ашуланып, жауап бермей кетіп қала ма деп іштей қорқып тұр. Әйтсе де, қарт тоқтады да, Мұхаммедке байыппен қарап:

– Бәрі өзіңе байланысты, – деді.

Қария сәл үнсіз тұрды да, сөзін қайта жалғастырды:

– Сен өзеннің қайдан бастау алатынын білгің келе ме? Әлде болмыс шындығын түсінгің келе ме? Бір орында отырсаң, мұның алғашқысына да, соңғысына да жауап таба алмайсың.

Осыны айтты да, қария жүріп кетті. Мұхаммед қарияның сөзін іштей қайталап, ойша талдап, өз сұрағының шешімін табу үшін өзеннің басталар тұсын көзімен көру қажет екенін ұқты.

